**Автор**: ТӘЖІҚАРАЕВА МАРЖАН ДӘУІТҚЫЗЫ
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Адамгершілік - асыл қасиет
**Тақырып**: Марат Қабанбаев "Бауыр" әңгімесі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.1.2.1 – әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: әдеби шығарманың үзіндісін оқып, мазмұнымен танысады, тақырыбын түсінеді; Көбі: әдеби шығарманы талдайды, сұраққа жауап береді, идеясын табады; Кейбірі: мысал келтіре отырып әдеби шығарманың идеясын өмірмен байланыстырады ; Қосымша: әр тапсырмада кері байланыс жасалады; |
| Тілдік мақсаттар: | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: бауыр, туыс, аға, іні, ағайын, көке... Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Менің ойымша, Себебі... |
| Бағалау критерийлері: |  Сурет арқылы сұрақтарға жауап береді;  Бейнематериалды түсінеді;  тұлғаны таниды;  мәтінді оқып, негізгі ойды анықтайды;  өз ойын дәлелді жеткізеді;  әңгіме идеясын анықтайды; |
| Құндылықтарды дарыту: | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://learningapps.org/display?v=pa89f0bac23<br>https://www.youtube.com/watch?v=i_8su25Q-1w |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақстан тарихы, әдебиет |
| Бастапқы білім: | Марат Қабанбаев өмірі мен шығармашылығы |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Зейініңізді шоғырландырыңыз. (пазл-2 мин)<br>Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстырады. -Мына суреттегі адамдарды бірауыз сөзбен кім деп атаймыз? - Ендеше, бейнематериалға назар аударайық. Суретті көрген соң қойылған сұрақтарға жауап береді. Бейнематериалды көреді, ойын тұжырымдайды | |
| Сабақтың ортасы | 1-тапсырма. «Тұлғаны таны» әдісі. Оқушылар автор туралы мәліметпен танысады. Өмір сүрген жылдары: Туған жері: Шығармалары:<br>2-тапсырма. ТТ Мәтінді оқып, тыңдап, негізгі ойды анықта. Мәтінді оқиды, аудионы тыңдайды, ойын ортаға салады. Жетекші сұрақтар: -Манаптың әрекетін қалай бағалайсыз? -Қалидің жат бауыр болуының себебі неде? -Әңгіме арқылы автор бізге не айтқысы келді?<br>3-тапсырма. «1пікір-1 сөйлем» әдісі. Манап пен Қалиді етбауыр деуге болады\болмайды Манап пен Қалиді етбауыр не жат бауыр екендігін дәлелдейді. | https://www.youtube.com/watch?v=i_8su25Q-1w<br>https://learningapps.org/display?v=pa89f0bac23<br>https://www.narakeet.com/app/text-to-audio/?projectId=075ea9dc-647c-4b78-a500-8e4db963fc49 |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Әңгіме арқылы автор бізге не айтқысы келді? «Үміт» сөзінің мағынасынашу (үміт үзбеу, үміті бар, үміт жоқ, үміттену...)<br>Үйге тапсырма: Әңгімені толықтай оқу. 50 сөзден тұратын «Меніңбауырым» тақырыбында эссе жазу. «Ұстазға хат» әдісі. Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. Мысалы: Қымбатты, ... Мен бүгін адамзаттың табиғатқа келтірер зияны туралы сабаққа қатыстым. Мені қатты ойландырғаны... Хатта мына 2 мәселе міндетті болуы шарт сабақтан үйренгенім; 2) осы тақырып бойынша мысалдарым. Хат соңында міндетті түрде аты- жөні мен мекен-жайы жазылады. | |
| Рефлексия | Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын жазады Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. | https://padlet.com/marzhan_dautkizi/padlet-4imhllc5fobgxm8c |